

«Бекітемін»

мектеп директоры: М.А.Умбеталин

31 тамыз 2023 жыл, хаттама №1



«Келісемін»

директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары: А.А.Нагымов

31 тамыз 2023 жыл, хаттама №1

Наб

Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша
2023-2024 оқу жылынадағы «_9_» классқа арналған жылдық тәрбие жоспары

Сыныбы: 9 сынып

Сынып жетекшісі: А.Ж.Казиханова

ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕ БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫНАТЫН ҚҰЖАТТАР

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;
«Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы;
«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы;
«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы;
«Балалардың әл-ауқат индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-р өкімі;
«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы;
Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы (2020 жылғы 8 қаңтар);
Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы (2021 жылғы 5 қаңтар).
Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2022 жылғы 16 наурыз)
«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.
Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ. 1 сәуір, 2023 жыл

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз - жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұныарқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1.Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- 2.Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- 3.Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғарыбағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, **#БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ХЕШТЕГІН ТЕГТЕУ**

Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі; Қазақстан

Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі; Қазақстан

Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі;

Қазақстан халқы Ассамблеясы

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)				
№	Іс-шараның атауы	Жауаптылар	Аяқтау нысаны	Мерзімі
	«Мектеп – мейірім мекені»	Сынып сағаты	Сынып сағаты	01.09.2023
1	«Жол ережесін білемізбе?»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	04.09.2023
2	«Тіл тазалығы»	«Балалар кітапханасы» жобасы	Сынып сағатының жоспары	11.09.2023
3	«Терроризм және экстремизм оның зардаптары»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	18.09.2023
4	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	25.09.2023
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
	«Адалдық –атадан қалған мұра»	Ата-аналар жиналысы	Инстаграмм парақшасы	

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр – Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл

Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Мерзімі
5	«Қарттарым- асыл қазынам»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	02.10.2023
6	«Зорлық зормбылықсыз бала»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	09.10.2023
7	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	16.10.2023
8	«Құқықтық сана қауымдық пана»	(«Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	23.10.2023
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
	«Әкем айтқан нағыз сөз»	Дөңгелек үстел	Инстаграмм парақшасы	«Әкелер» мектебі

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)				
№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Мерзімі
9	«Теңге тәуелсіздік келбеті»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	06.11.2023
10	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	13.11.2023
11	«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челленджерді ұйымдастыру («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	20.11.2023
12	«Адалдық ардың ісі»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	27.11.2023
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
	«Үнемі оқитын адам-табысты адам»	Кездесу	Суреттер	

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	мерзімі
13	«Ұлттық тәрбие ұлт болашағы»	тәрбие сағаты	Тәрбие сағатының жоспары	04.12.2023
14	«Алдымен сүй ардақта ата анаңды»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	11.12.2023
15	Тәуелсіздікке 32 жыл	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	25.12.2023
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
	«Таным. Тағылым. Тәрбие» (Еңбегі адал жас өрен»	Кездесу	инстагармм парақшасы	

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ Қысқы демалыс

Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)				
№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Мерзімі
16	«Қазақстанның болашағы білімді ұрпақ қолында»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	08.01.2024
17	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	15.01.2024
18	«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	22.01.2024
19	«Мен отбасымды мақтан тұтамын»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	29.01.2024
	АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС			
1	«Ата-ана өмірінің жобасы-бақытты адам»	Кездесу		

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙ

Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Мерзімі
20	«Мақал–сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы»)	Сыныптан тыс іс- шара	Сынып сағатының жоспары	05.02.2024
21	«Еңбек өмір мәні»	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	12.02.2024
22	«Мамандық менің болашағымның таңдауы»	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	19.02.2024
23	Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	26.02.2024
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	«Отбасыдағы ортақ тіл»	Кездесу		

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Мерзімі
24	«Үміт сәулесі»акция(«Еңбегі ерен жасөрен»жобасы)	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	04.03.2024
25	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды»	Сынып сағатын	Сынып сағатының жоспары	11.03.2024
26	«Ұлыс оң болсын,ақ мол болсын»	Сынып сағатын	Сынып сағатының жоспары	18.03.2024
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
	«Отбасы бірлігі»	Ата-аналармен бірлескен еңбек		Ата-аналар мектебінің мүшелері

СӘУІР – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Мерзімі
27	«Кибер қауіпсіздік пен ақпараттық қауіпсіздікке тәрбиелеу аясында «Ғаламторсыз бір күн»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	01.04.2024
28	«Ғасырдың қасіретті індеті-ЖТҚБ»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	08.04.2024
29	«Судағы қауіпсіздік»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	15.04.2024
30	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	22.04.2024
31	Отаншылдық және оның мәні	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	29.04.2024
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
	«Менің әкем-жақсы адам» (Ата-аналар мектебі) жобасы	Кездесу	Суреттер, видео	«Әкелер» мектебі

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Мерзімі
32	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	06.05.2024
33	«Сөз қадірі-өз қадірің»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	13.05.2024
34	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	20.05.2024
	АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС			
	«Халықаралық отбасы күні»Денсаулық FEST (Ұлттық мектеп лигасы)	Фестиваль	Видео, суреттер	Ата-аналар қоғамының мүшелері

«Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебінің» 2023-2024 оқу жылындағы 9 сыныптың тәрбие жұмысының жылдық талдауы

Сынып жетекшісі: А.Ж. Қазыханова

Кіріспе

2023–2024 оқу жылында 9-сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие жұмыстары мектептің тәрбие бағыттарына сәйкес жоспарланып, тиімді жүзеге асырылды. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға, отансүйгіштікке, ұлттық тәрбиеге, адамгершілікке, құқықтық сауаттылыққа, салауатты өмір салтына бейімдеуге бағытталды. Әрбір тәрбие сағаты тақырыптық бағыттарға сай ұйымдастырылып, оқушылардың белсенді қатысуымен өтті. Тәрбие жұмыстары ата-аналармен, сынып оқушыларымен және пән мұғалімдерімен бірлесе жүргізілді.

Тәрбиенің бағыттары бойынша тақырыптық талдау:

1. Азаматтық-патриоттық, құқықтық және рухани-адамгершілік тәрбие

Мектеп – мейірім мекені – Оқушылар мектептегі бірлік пен мейірім атмосферасын түсініп, өзара сыйластыққа тәрбиеленді. Бұл іс-шарада оқушылар мейірімділік пен білім ордасының мәні туралы ой бөлісті.

Ұстаз! Сіздің алдыңызда... – Ұстаз еңбегінің маңыздылығына тоқталып, оқушылар алғыс хаттар мен көркем сөздер арқылы өз ризашылықтарын білдірді.

Тәуелсіздікке – 32 жыл – Тәуелсіз еліміздің жетістіктері мен тарихы туралы мағлұматтар берілді. Оқушылар патриоттық әндер айтып, шығармалар жазды.

Қазақстанның болашағы – білімді ұрпақ қолында – Білімнің маңызы жайлы пікірталас өтіп, білім алудың ел болашағына әсері түсіндірілді.

Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді! – Тарихи тұлғалар мен ерлікке толы оқиғалар талданып, оқушылар өз ойларын ортаға салды.

Жеңіс деген – шат күлкісі баланың – Жеңіс күніне арналған шығармашылық жұмыстар мен әдеби монтаж ұйымдастырылды.

Сөз қадірі – өз қадірің – Сөз мәдениеті мен сөйлеу әдебі жайлы талқылау өтіп, шешендік өнерге баулу жұмыстары жүргізілді.

2. Ұлттық тәрбие, отбасылық құндылықтар және мәдени тәрбие

Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы – Салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтар насихатталып, ұлттық киімдер, тағамдар, ойындар ұсынылды.

Отбасылық дәстүрлер, Отбасы бірлігі, Мен отбасымды мақтан тұтамын, Ата-анамның жобасы – бақытты адам, Отбасыдағы ортақ тіл, Алдымен сүй ардақты ата-ананды – Бұл іс-шараларда оқушылар отбасының рөлі, ата-ана мен бала арасындағы сыйластық туралы ой бөлісті. Отбасымен бірлескен жұмыстар жүргізілді.

Әкем айтқан нағыз сөз, Менің әкем – жақсы адам – Әке тәрбиесінің маңыздылығы талданып, оқушылар өз әкелеріне шығармалар арнады.

Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады – Ана махаббаты мен ананың отбасындағы рөлі кеңінен насихатталды.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын – Наурыз мерекесі кеңінен аталып өтіп, оқушылар ұлттық киіммен, тағаммен танысты.

Ұмыт болған ұлттық тағамдар – Ұлттық ас мәзірі арқылы мәдени мұра таныстырылып, тағамдар дайындалды.

Туған өлке ақындарының шығармалары – Жергілікті ақындардың туындылары оқылып, туған жерге деген сүйіспеншілік арттырылды.

3. Құқықтық және адамгершілік тәрбие

Құқықтық сана – қауымдық пана – Оқушылар өз құқықтары мен міндеттері туралы толық ақпарат алып, пікірталасқа қатысты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз, Адалдық – атадан қалған мұра, Адалдық – ардың ісі – Адалдық пен әділдік тақырыптарында көріністер қойылып, оқушылар эссе жазды.

Терроризм және экстремизм: оның зардаптары – Ауыр зардаптарға әкелетін бұл құбылыстардың қоғам үшін қауіптілігі түсіндірілді.

4. Еңбек, экологиялық және экономикалық тәрбие

Еңбек – өмір мәні – Еңбектің қадірін білу, еңбек адамдарының өнегелі істері насихатталды.

Мамандық – менің болашағымның таңдауы – Кәсіптік бағдар беру мақсатында оқушылар армандаған мамандықтары туралы таныстырылым жасады.

Үнемділік инноваторы – Су мен электр энергиясын үнемдеудің жолдары түсіндіріліп, экологиялық сауаттылық арттырылды.

Теңге – тәуелсіздік келбеті – Қаржылық сауаттылықты дамыту мақсатында ұлттық валюта және оның тарихы таныстырылды.

5. Салауатты өмір салты және дене тәрбиесі

Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері – Нашакорлық, шылымқорлық, ішімдіктің зияны айтылып, алдын алу шаралары талқыланды.

Ғасырдың қасіретті індеті – ЖИТС – Аурудың алдын алу жолдары түсіндіріліп, салауатты өмір салты насихатталды.

Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті – Дұрыс тамақтану мен физикалық белсенділікке назар аударылды.

Зорлық-зомбылықсыз бала – Балаларға зорлық-зомбылық туралы нақты мысалдар келтіріліп, құқықтық сауаттылық арттырылды.

Судағы қауіпсіздік – Жаз мезгілінде қауіпсіздік сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

"Халықаралық отбасы күні" – Денсаулық FEST – Ата-аналар мен оқушылар арасында спорттық шаралар ұйымдастырылды.

6. Ақпараттық мәдениет және киберқауіпсіздік

"Ғаламторсыз бір күн" – Киберқауіпсіздік пен интернетке тәуелділік тақырыптары талқыланып, оқушылардың ақпараттық мәдениеті дамытылды.

7. Қоғамға қызмет және қайырымдылық

Үміт сәулесі – Қайырымдылық акциясы аясында көмекке мұқтаж отбасыларға қолдау көрсетілді. Оқушылар мейірімділік пен қамқорлыққа тәрбиеленді.

Қорытынды

2023–2024 оқу жылында өткізілген тәрбие жұмыстары оқушылардың жан-жақты дамуына, өмірлік құндылықтарды түсінуге, қоғамда өзіндік орнын табуға ықпал етті. Сынып оқушылары тәрбие бағыттары аясындағы барлық іс-шараларға белсенді қатысып, шығармашылық қабілеттерін көрсете білді. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, бірлескен жұмыстар нәтижелі болды. Алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмысты жалғастыру көзделіп отыр.